ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 шілде №5165-24-00-2/1436 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.Рүстемнің,
сот отырысының хатшысы С.Кендирбаевтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Кадесова А.К.» Кадесова Алия Кендебаевна.

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану.

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 18 сәуірде тараптар арасында №156 санды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (әрі қарай - Шарт) 249 480 теңгеге түзілген.

Шарттың талаптары бойынша жауапкер тауарды (440 метр - қалың мақта матаны) шарт күшіне енген күннен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде жеткізіп беруге міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа Шарт бойынша міндетемелерін орындамағанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап сотқа талап қоюмен жүгінген.

Жауапкер талап қоюға жазбаша қарсы пікір берген жоқ.

Талап қоюшы талап қоюды толығымен қуаттап, істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрады, жауапкермен Шарттың бір жақты бұзылғанын және Шарттың жауапкемен орындалмағанын көрсеткен.

Сот отырысының орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеді. Істі өзінің қатысуынсыз немесе (бейне байланыс арқылы) қашықтықтан қатыса отырып қарауды сұрамады.

Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1399

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4, 6-бөліктерінің талаптарына сай сот істі келмеген жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272, 273-баптарына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда- іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын бір жақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздері мен жасалған мемлекеттік сатып алу турал шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Шарттың 5.3. тармағына сәйкес жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға сай дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

Шарттың 5.4. тармағында – Осы шарттың 5.3. тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

Осы аталған талаптар бүгінгі күнге жауапкермен сақталмаған.

Сотта анықталғандай, жауапкер мемлекеттік сатып алу туралы шарты бойынша өз міндеттерін тиісінше орындамағандықтан, 2024 жылы 27 мамырда веб-портал арқылы шарт біржақты бұзылған.

Соның салдарынан талап қоюшы мен өткізілген мемлекеттік сатып алу орындалмай, мемлекеттің мүддесіне зиян келтірілген. Талап қою сотқа өз мерзімінде берілген.

Сот талапкердің талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп танылуға жатады деп санайды.

АПК-нің 117-бабының негізінде жауапкерден мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Құжатқа қол қойылған: Рустем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рустем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1399

«Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Кадесова А.К.» Кадесова Алия Кендебаевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Кадесова А.К.» Кадесова Алия Кендебаевнадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **Б.Рүстем**

Сот өндірісі
Судопроизводство
ПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Құжатқа қол қойылған: Рүстем Б. М., 25.07.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.08.2024, судья Рүстем Б. М., 28.08.2024
5165-24-3-1/1399